

# MOD ULTRA

СӘНДІ ӨМІР СҮРУ КЕҢІСТІГІ



Қымбатты BI Group клиенттері!

Сіздердің жаңа үйлеріңізге айналатын кеңістік жасау — біздің командамыз үшін үлкен құрмет әрі жауапкершілік.
Беріктікті, сенімділікті және жайлылықты қамтамасыз ету үшін біз құрылыстың әр кезеңін мұқият қадағалап, заманауи технологиялар мен жоғары сапалы материалдарды қолданамыз.

Таңдауларыңыздың маңыздылығын түсіне отырып, біз жаңа үйлеріңіз ұзақ жылдар бойы отбасыларыңыздың жайлы әрі қауіпсіз мекеніне айналуы үшін бар күшімізді саламыз.
Бізге сенім артып, тұрғын үй кешенімізді таңдағандарыңызға рахмет!

Құрметпен,
Мазакбаев Данияр

# МАЗМҰНЫ

Бет нөмірін басып, бөлімге өтіңіз


Бигвилль туралы 4

Орам туралы 5

Орналасқан жері 6

Маңыздының барлығы жаныңызда 8

Архитектура және дизайн 15

Абаттандырылған аула 17

Көгалдандыру 19

Сәнді дәліз 20

Сіздің пәтеріңіз 25

BIG+ жөндеуден өткен пәтерлері 27

Шудан оқшаулау деңгейі жоғары Acoustic Pro жүйесі 30

Ақылды технологиялар 33

Жайғастыру шешімдері 34

Функциялы үй-жайлар 35

Бизнеске арналған үй-жайлар 36

Ипотека 37

BI Service және бақыт министрлігі 39

BIG App мобильді қолданбасы 41

BI Club бейілділік бағдарламасы 42




# БИГВИЛЛЬ ТУРАЛЫ

**24 га**

жалпы ауданы

**5 000**

пәтер

**12 000**

тұрғын

**2027 ж.**

толық жүзеге асырылатын мерзімі

MOD бигвиллі – жердің әрбір сантиметрі бос уақыт, жұмыс, оқу және белсенді өмір салты үшін бірегей аймақтарға бай, абаттандырылған үлкен аумақта өмір сүрудің мүлдем жаңа тұжырымдамасы.

MOD – заманауи сәулетпен үйлескен жайлылық аумағы. Сіздің күш пен шабыт алатын, табиғат пен қала арасындағы тепе-теңдікті табатын орныңыз, ол сізге қуат беріп, әрі қарай дамуға және жасампаздыққа шабыттандырады. Шынайы қарым-қатынас, жылы кездесулер, тату көршілік атмосферасы – бигвилльде бәрі махаббат заңдарына бағынады!

**Стандарт, комфорт, комфорт+, бизнес**

санаттары



Цвета материалов могут незначительно отличаться от реальных, в зависимости от направления солнечного цвета, теней из-за особенностей способов печати и цветопередачи носителя.

# ОРАМ ТУРАЛЫ

MOD Ultra — Астанадағы архитектуралық стиль мен жайлы өмірдің жаңа символы. EXPO аумағына жақын маңдағы дамып келе жатқан бигвилльде орналасқан кешен қаланың қызу қарқынын табиғаттың мамыражай тыныштығымен үйлестіреді. Жайлы серуендеу саяжолдары, таза ауа және керемет ландшафттар демалу үшін тамаша атмосфера қалыптастырады.

Қасбеттердің заманауи модульдік құрылымы жобаның мәртебесін айқындайды: тұрғын блоктардың ақшыл беттері металл акценттермен контраст түзіп, астананың негізгі көрнекті жерлеріне бағдарланған айшықты архитектуралық бейне қалыптастырады.

Үйіңіз жай тұратын орын ғана емес, сіздің стиліңіз бен талғамыңыздың және жоғары деңгейдегі жайлылықтың көрінісі болуы үшін мұнда ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған.

**42-117 м$^2$**
пәтерлердің ауданы

**9-17**
қабат саны

**3-3,3 м**
төбесінің биіктігі

# ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Тұрғын үй кешені Хусейн бен Талал көшесінің бойында, Нұра-Есіл жағалауына небәрі 10 минутта жетуге болатын тыныш әрі жайлы жерде орналасқан. Ауданның инфрақұрылымы дамыған, дүкендер, кафелер, мектептер, балабақшалар – қажет нәрсенің бәрі бар. Ыңғайлы көлік жол айырығының арқасында қаланың басқа аудандарына жету оңай.





# ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

5 мин
Білім-инновация лицейі

5 мин
Ә. Кекілбаев атындағы Binom мектебі

10 мин
Нұра-Есіл жағалауы

5 мин
KIS Astana

6 мин
EXPO аумағы

5 мин
Aldi BI балабақшасы

7 мин
Медицина кластері

7 мин
Mega Silk Way СОО

4 мин
Бас мешіт



# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## BINOM ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕКТЕБІ

BINOM School — жаңа форматтағы заманауи жалпы білім беретін мектептер, сапалы мектептік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін құрылған. Оқыту мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүргізіледі және функционалдық сауаттылық пен академиялық дағдыларды дамытуға бағытталған қосымша элективті курстармен толықтырылады.

BINOM мектептері заманауи білім беру моделін, мықты педагогикалық ұжымды және дамыған инфрақұрылымды үйлестіре отырып, оқушылардың білім алуына және дамуына қолайлы әрі технологиялық орта қалыптастырады.

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде
- Тегін мемлекеттік білім беру
- Мектеп жабдықталуы стандартты мектептерден 5 есе жоғары
- Зертханалар, STEM және робототехника
- Заманауи оқу кеңістіктері: коворкингтер және медиастудиялар

Сілтемеге өту үшін басыңыз









# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## KAZAKHSTAN INTERNATIONAL SCHOOL ASTANA

Балаңыздың болашағы мектеп таңдаудан басталады. KIS Astana – әлемдік деңгейдегі білімге қол жеткізу кілті. Арнайы салынған жаңа мектеп Халықаралық бакалавриаттың (IB) толық бағдарламасын қуана ұсынады. IB – жоғары сапалы білім берудің дүние жүзінде мойындалған символы, қазіргі уақытта әлем бойынша 5 000-нан астам мектебі бар.

- Мектепке дейінгі білім беру
- Оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі
- Бастауыш мектептің IB бағдарламасы
- Көп мәдениетті орта

Сурет шартты сипатқа ие.

# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## MOD СЕРУЕНДЕУ САЯЖОЛЫ

MOD бигвиллідегі серуендеу саяжолы бойында жайқала өскен жасыл желекті екпелер, демалыс аймақтары, мейрамханалар мен кофеханалар галереясы бұл жерді жайлы және жарқын өмір сүруге қолайлы етеді. Сіз қаланың күйбең тіршілігінен демалып, жақын адамдарыңызбен бірге серуендеуден ләззат ала аласыз. Саяжол бүкіл бигвилль арқылы өтіп, оны Нұра-Есіл жағалауымен байланыстырады.

Қарқынды мегаполис ішінде қарбаластан алшақтап, демалатын және тыныштық табатын аумақ.Қалалық саяжол бейнесі шартты сипатқа ие, қалалық және аудандық билік орындарының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.







# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## НҰРА-ЕСІЛ ЖАҒАЛАУЫ

Нұра-Есіл арнасының жағалауы — белсенді және босаңсып демалатын аймақтары мен көрнекті жерлері бар елорданың жаңа інжу-маржаны. Сіз мұнда таза ауадан толық күш жинап, шығармашылық идеяларға шабыт ала аласыз немесе отбасыңызбен сейіл құрып, жай ғана жағымды уақыт өткізе аласыз. Бұл – адал достар мен жақсы көршілердің кездесетін орны.





# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## YOURT КӨРШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Aldi BI — баланың ерте дамуына арналған шабыттандыратын орта қалыптастырылған заманауи балабақша. Авторлық білім беру бағдарламасы балалардың креативтілігін, дербестігін және зерттеушілік ойлауын дамытатын Реджио-педагогикасына негізделген, халықаралық педагогикалық тәжірибелерді ұлттық мәдениетпен үйлестіреді.

Балабақшаның білім беру кеңістігі балалардың қабілеттерін ашуға көмектеседі, танымға деген қызығушылығын қалыптастырады және тұлғаның ерте жастан үйлесімді

•Креативті индустриялар саласындағы білім беру
•STEM-зертхана және робототехника
•Proforientation аймақтары — ойын арқылы мамандықтармен танысу
•Кешенді даму: психолог, логопед және нейропсихолог
•Инновациялық дамытушы білім беру ортасы
•Үйлесімді даму үшін арнайы жағдайлар жасалған: тұзды шахта, иппотерапия, спорттық белсенділіктер және серуендер

Сілтемеге өту үшін басыңыз

# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## EXPO и ТРЦ MEGA Silk Way

MOD Ultra бизнестен бастап ойын-сауыққа дейінгі барлық салаларда өмір қызу қайнап жатқан жерде орналасқан. Жақын маңда EXPO көрме орталығы мен Mega Silk Way ең ірі сауда ойын-сауық орталығы бар. Мұнда дүкен аралап немесе тамаша мейрамханаларда түстеніп қана қоймай, көрмелерге, мұзайдынға және маусымдық іс-шараларға барып, белсенді уақыт өткізуге болады.

Жоба үлкен қала ырғағы мен айшықты және мазмұнды өмір сүру мүмкіндіктерін тамаша үйлестіреді.



# АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

MOD Ultra тұрғын үй кешені — Астананың жаңа өмір салтының символы. Оның архитектурасы ақшыл беті металл қапталдармен контраст түзетін қасбеттің айшықты модульдік құрылымына негізделеді. Мұндай шешім жобаның ауқымдылығын көрсетеді және дамып келе жатқан астананың негізгі панорамаларына назар аудартады.
MOD Ultra Мәскеу заманауи архитектурасының үздік үлгілерінен шабыт алған және астанаға жаңа формат — жобаны бәрінен ерекшелендіріп тұратын танымал, сәнді, біртұтас келбет береді.





**Қаңқасы**

тұтас құймалы темір-бетон

**Қасбеті**

еуропалық алюминий панельдер

**Қабырғалары**

газ блогы

**Терезелері**

Екі камералы шыны пакеті орнатылған металл пластик терезелер, бес камералы профиль

Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкенің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.

# АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЛА

Тұрғын үй кешенінің аула кеңістігі — жайлылық пен оңашалық үшін жасалған жартылай ашық жасыл желекті аула. Мұнда жеңілдік пен үйлесімділік сезімін сыйлайтын жұмсақ пішіндер, табиғи сызықтар және ұстамды түстер басым.

- BBQ аймағы
- Workout аймағы
- Футбол алаңы
- Экологиялық материалдардан жасалған ойын алаңдары
- Шезлонгтар қойылған демалыс аймақтары



Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие.




Проектные решения каждой очереди одного проекта могут отличаться между собой, изображение носит условный характер.

# КӨГАЛДАНДЫРУ

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан алиамыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.



## Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:

- Қолайлы микроклимат
- Өсімдіктерге күтім жасау
- Үйлесімді түс композициялары
- Жан-жақты ойластырып, өсімдіктерді аймақтарға бөлу

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жаңа жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгеретінін бақылау сондай ғанибет.

# ДӘЛІЗДЕРДІҢ СӘНДІ ИНТЕРЬЕРІ

Жобаның дизайнерлік дәліздері әсемдік пен жайлылық көрінісін паш етіп, аттап басқаннан-ақ жылу сезімін береді. Тыныш лифттер, ыңғайлы кіру топтары және арбалар аймағы тұрғындарға барынша жайлы болуы үшін ұсақ-түйегіне дейін ойластырылған. Табиғи шпон, керамогранит және перфорацияланған металл интерьерге қымбат қонақүй лоббимен салыстыруға болатын стиль мен мәртебе береді.

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие.





- Дара дизайн
- Көп деңгейлі жарықтандыру
- Айнала әйнектелген кіру тобы
- Өтпелі кіреберістер
- IP-домофон жүйесі










Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие.

# СЕНІМДІ ЛИФТТЕР

MOD Ultra тұрғын үй кешенінде әлемнің 20 елінде қолданылатын, жолаушы және жүк лифттері саласындағы әлемдік көшбасшы – OTIS брендінің лифттері орнатылады

.

## OTIS-пен сіз мыналарға қол жеткізесіз:

### Уақыт сынынан өткен сапа мен сенімділік:

- OTIS – бедел мен сапа символы. Олардың жабдықтары Бурж Халифа, Эмпайр Стейт Билдинг, Эйфель мұнарасы және Шанхай дүниежүзілік қаржы орталығы сияқты әлемдегі ең биік 10 ғимараттың 8-інде орнатылған.
- OTIS инновациялық технологияларды, соның ішінде дәстүрлі сымарқандардың орнына белдіктерді қолданады, бұл бірқалыпты, қауіпсіз және жайлы қозғалысқа кепілдік береді.

### Үнемділік және қоршаған ортаға зиянсыздық:

- OTIS лифттері электр энергиясын үнемдеуді ескере отырып жобаланған, бұл оларды экологиялық таза таңдау етеді.
- Ұзақ қызмет ету – ресми паспортына сәйкес, лифттің 25 жыл қызмет етуі сенімділікке кепілдік береді және қызмет көрсету шығындарын азайтады.





Сурет шартты сипатқа ие




## Стиль және жайлылық:

- OTIS лифттерінің сәнді және бірегей дизайны MOD Ultra архитектурасын тамаша толықтырады
- Жоғарғы қабаттардың өзінде тыныш жұмыс істеуі әрбір жүрген сайын жан тыныштығын қамтамасыз етеді.

MoD Ultra тұрғын үй кешенінде OTIS лифттері арқылы сіз жай жүріп-тұру құралына ғана емес, кез келген биіктікте өмірден ләззат алатындай жайлылыққа, қауіпсіздікке және стильге қол жеткізесіз.

Сурет шартты сипатқа ие

# СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Негізгі әрлеуден өткен кең пәтерлер. Сізге тек дизайнмен айналысып, арманыңыздағы пәтерге көшу ғана қалады!

Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс

Есік ойықтарының биіктігі – 2,3 м

Негізгі әрлеу

Пәтерлердің ауданы: 42-177 $м^2$

Пәтерлердің конфигурациясы: 1 бөлмеліден 5 бөлмеліге дейін

Электронды құлыптар

Ақылды үй жүйесі




Сурет шартты сипатқа ие.

# СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

## Негізгі әрлеу

Nexpo Classic Style кешенінен пәтер сатып алғанда, сіз оны негізгі әрлеуде аласыз. Бұл өте ыңғайлы, өйткені ең шулы және «лас» жұмыстар жасалып қойғандықтан, Сіздің уақытыңызды ғана емес, қаражатыңызды да үнемдейді. Сізге тек лайықты дизайнды таңдап, пәтер жөндеу жұмыстарының соңғы кезеңіне кірісу ғана қалады.

Едені жабын төсеуге дайын

Электрмен жабдықталуы – бүкіл пәтерге электр желісінің сымдары тартылды.

Төбесі – төбеде электр кабельдері тартылған, бұл жоба бойынша жарықтандыруды жеңілдетеді.

Қабырғаларды әрлеу – қабырғалар таза әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін тегістелді

Жылыту жүйесі – құбырлар еденде орналасқан және интерьерді бұзбайды.

Кіру есіктері мен терезелер – металдан жасалған, сенімді құлыппен жабдықталған кіру есігі. Қосарлы шыны пакеті бар бес камералы терезелер орнатылған.

# СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

## BIG+ Жөндеуден өткен пәтерлері

Астанада BI Group-тың жаңа BIG+ Light жобасын — сіздің жайлылығыңыз үшін барынша қамқорлықпен жасалған, таза әрленген және сантехникасы орнатылған пәтерлерді ұсынамыз. Мұқият ойластырылған эргономика және заманауи жөндеу — өміріңіздің жаңа кезеңін рахаттанып, жайлы бастай алуыңыз үшін барлық жағдай жасалған.

BIG+ Light — сіз және сіздің отбасыңыз үшін үлкен артықшылық. Сіз уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдейсіз, өйткені пәтер тұруға толық дайын — жөндеу және жайластыру үшін артық машақаттанбайсыз.

Жаңа баспанаға көшу бұдан былай күйзеліспен және бітпейтін жөндеу жұмыстарымен байланысты болмайды. Өміріңіздің жаңа кезеңі оңай әрі жайлы басталуы үшін біз барлық жағдайды жасадық.

- Уақыт үнемдеу
- Құрылыс салушы ұсынатын сапа кепілдігі
- Тыныш кіреберіс
- 1 жылға кепілдік
- Жөндеу құнын ипотекаға қосу мүмкіндігі



| Конструктивтер | BIG Basic | BIG Optima | BIG Prime |
|---|---|---|---|
| | Сұр/Қоңыр сарғыш | Сұр/Қоңыр сарғыш | Қоңыр-сарғыш |
| Есік жиынтығы | 2,2 м Albero Ресей | 2,2 м Albero Ресей | 2,3 м Albero Ресей |
| Ламинат | 33-ші класс, қиықжиегі бар | 33-ші класс, қиықжиегі бар | 33-ші класс, қиықжиегі бар |
| Еденкемерлер | Полиуретан, 8 см | Полиуретан, 8 см | Полиуретан, 12 см |
| Санитарлық тораптар пен кіре берістегі жылы еден | | ✓ | ✓ |
| Қабырғадағы сәндік профиль | | ✓ | Жезге ұқсасы бар |
| Санитарлық тораптағы керамогранит қабырғалар | ҮЕ 600х600 (Қазақстан) | ҮЕБ 1200х600х10 мм (Ресей) | Керамогранит ҮЕБ 1200х600х10 мм |
| Лас аймақтағы, балкондағы және санитарлық тораптағы керамогранит | ҮЕ 600х600 (Қазақстан) | ҮЕ 600х600 (Қазақстан) | ҮЕ 600х600 (Қазақстан) |
| Ас үй бөлмесіндегі фартук керамограниті | Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҮЕБ 1200х600х9 мм. | Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҮЕБ 1200х600х9 мм. | Жылтыратылған керамогранит (Қытай) ҮЕБ 1200х600х9 мм. |
| Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз | | ✓ | ✓ |
| Боялатын тұсқағаз | Kraft Haus Premium Vlies 130 | Kraft Haus Premium Vlies 130 | Kraft Haus Premium Vlies 130 |
| Қабырғадағы бояу | SHEBER Maler (Қазақстан) | Marshal Euro 7 (Түркия) | Tikkurila (Финляндия) |
| Кермелі төбе | ✓ | ✓ | |

| Конструктивтер | BIG Basic | BIG Optima | BIG Prime |
|---|---|---|---|
| | Сұр/Қоңыр сарғыш | Сұр/Қоңыр сарғыш | Қоңыр-сарғыш |
| ГКТ төбе | | | ✓ |
| Төбедегі көлеңкелі профиль | | ✓ | ✓ |
| Төбедегі тығыздағышы бар багет | ✓ | | |
| Софиттер | ✓ | ✓ | ✓ |
| Желілік магнитті шамдары бар шина сымдары (тректер) + карниздерді жарықтандыру | | | ✓ |
| Розеткалар/ Ажыратқыштар | Альтернатива (Қытай) | Schneider Electric ( Франция) | JUNG LS сериясы (Германия) |
| Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар | Haiba Қытай | Grohe (Германия) | Grohe (Германия) |
| Инсталляция | Visam Slim (Қытай) | Grohe (Германия) | Grohe (Германия) |
| Унитаз | Saniteco | Saniteco | Grohe (Германия) |
| Ванна | Акрилді | Акрилді | Акрилді |
| Айна | Жарықтандырылатын сәндік | Жарықтандырылатын сәндік | Жарықтандырылатын сәндік |


Albero есігі,
биіктігі 2,2 м
Көлеңкелі профиль
Кермелі төбе
Софиттер
Бра астындағы қорытындылар
Schneider Electric
ажыратқыштары
Schneider Electric розеткалары
Полиуретан, N см
33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат


Кермелі төбе
Grohe душ
жинағы
Кең форматты
керамогранит 1200*600
Grohe
инсталляциясы
Grohe гигиеналық
душы
Ілмелі тумба
Материалы: ЛАЖТ
Керамогранит
және жылы еден


Қондырмалы софиттер
Albero есігі,
биіктігі 2,2 м
Кең форматты
керамогранит 600*600
Schneider Electric
ажыратқыштары
33-ші класты, қиықжиегі бар
ламинат


Жарықтандырылатын
сәндік айна
Grohe
араластырғышы
Grohe
инсталляциясы
Кіріктірмелі
шұңғылша
Grohe ванна
араластырғышы
Saniteco унитазы

# ACOUSTIC PRO ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШУДАН ОҚШАУЛАУ

бейнежазбаны көру үшін басыңыз




Acoustic Pro — арнайы BI Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газды блок, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.

Бұл технологияда әр түрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамаша дыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.

Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

## Acoustic Pro Дыбыс оқшаулауы – 56 дБ-ден төмен емес



# ACOUSTIC PRO ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШУДАН ОҚШАУЛАУ

«Қалқымалы еден» соққы шуының таралуына жол бермейді

## Қалқымалы еден

Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.

Бұл – тұтастырғыш құю алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, қалыңдығы 1 см көбікті полипропилен қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.






*Клиент өзі жасайды

# АҚЫЛДЫ ҮЙ ТОПТАМАСЫ

## WALLEE ақылды үй топтамасы

Пәтердегі «ақылды үй» жүйесі тұрғындардың жайлылығы үшін арнайы орнатылған, тұрмысты жеңілдетіп, автоматтандырудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады.

- Су ағу датчигі
- Барлығын өшіру функциясы
- Қозғалыс датчигі
- Түтін датчигі
- Есік датчигі
- Ауыз бөлмедегі жарықты басқару
- Мобильді қолданба арқылы басқару

*Қосымша ақыға датчиктердің санын көбейту мүмкіндігі бар



# АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

## Электронды құлыптар

Электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады. Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

### Ашу тәсілдері:

- Face ID
- Саусақ ізі және алақан тамырларының өрне
- PIN код
- Карта (RFID)
- Мобильді қолданба

### Қауіпсіздік:

- ·Бұзып кірген кездегі дабыл
- ·Қосарлы авторландыру режимі
- Деректерді сақтай отырып, бейнежазбаға т



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

## IP-домофония

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

### Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу



Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу

# ЖАЙҒАСЫМДАР*

## MOD Ultra үлгілік қабатының жоспары

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз






*Паркинг и кладовые помещения приобретаются отдельно.

# ФУНКЦИЯЛЫ ҮЙ-ЖАЙЛАР



Көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.

*Бөлек сатып алынады



Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.



Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

*Бөлек сатып алынады

# БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Коммерциялық үй-жайлардың негізгі артықшылықтары – қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді пайда алу мүмкіндігі.

### Өтімділік

Ыңғайлы орналасуы трафиктің жылдан-жылға арта түсетініне кепілдік береді.

### Еркін жайғасым

Үй-жайды толығымен өз бизнесіңіздің қажеттіліктер-іне бейімдеп жайластыруға мүмкіндік береді

### 4,2 метрлік биік төбелер

Кеңістікті кеңейтіп, дизайнерлік шешімдерді жүзеге асыру мүмкіндігін береді

### Витражды әйнектеу

Жарықтың молдығы бизнесіңіздің көшеден анық көрінуіне мүмкіндік береді



# Ипотека

басыңыз және сайтқа өтіңіз

## Барлығына арналған бағдарламалар

**0,1%-дан бастап мөлшерлеме.** Ыңғайлы тарифті таңдаңыз және сізге ыңғайлы ай сайынғы төлемдерді жоспарлаңыз.

**Қосымша кепілсіз.** Кепілге қосымша жылжымайтын мүлік іздеудің қажеті жоқ, ипотекаға сатып алынған пәтерді кепілге тіркеңіз.

**Бастапқы төлем 20%.** Бастапқы төлемнің жартысынан азы болса да, ипотекаға өтініш беріп, пәтеріңізде тұрыңыз.

**Online-ипотека.** Банкке бармай-ақ 30 минут ішінде ипотекамен жылжымайтын мүлікті сатып алыңыз. Бос уақытыңызды сүйікті істеріңізге арнай отырып, уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдейсіз.

**15-тен астам жеке бағдарламалар.** Сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес келетін шарттармен ипотекаға өтініш беріңіз.

**Несие сомасы 100 миллион теңгеге дейін.** Сізге ыңғайлы несие сомасы пәтер таңдаудағы шектеулерді жояды.



# ONLINE САТЫП АЛУ

## Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

Қарапайым. Жылдам. Ыңғайлы.

### Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?

**Уақыт үнемдеу**
Кептелістер, бағдар-шамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пә-терді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады.

**Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу**
Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.

**Икемді төлем тәсілдері**
Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу – өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

**Әр кезеңде қолдау көрсету**
Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

**Ашықтық және сенімділік**
BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

### 1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін дербес менеджер бекітіледі.

### 2. Цифрлық сату офисі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



# BI SERVICE

20 жыл бойы бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде бізге 500 мың тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

## Біз 7 млн м$^2$-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

- 550 үй
- 4 000 офис
- 1 100 коттедж
- 32 000 тұрақ орны

## Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- Ашық қаржылық басқару;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- 24/7 жедел ақпарат беру;

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
Тұрғын үй-жайлар – м$^2$-іне 270 теңгеден басталады,
офистер – м$^2$-іне 539 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 13 000 теңгеден басталады.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.



# БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ

Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыратын және олардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.

Бақыт министрлігімен барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Таза ауада жаттығу;
- Тауға жорыққа шығу;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Концерттер мен көрмелер;
- Бірлескен ме







# BI Green



Ағаш отырғызу – отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.Біз тұрғындармен бірлесіп,50 000-нан астам ағаш пен бұта отырғыздық. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.

МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫ

# BIG APP

BIG App – BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.

- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары

- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (live құрылысы)

- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау

- Жылжымайтын мүлікті таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу

- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі

- BI Club – жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер

қолданбаны орнату үшін басыңыз



# BI Club бейілділік бағдарламасы

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!

Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

**BI BRONZE**
*бірінші пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 4% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 5% жеңілдік

**BI SILVER**
*3 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 6% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 7% жеңілдік

**BI GOLD**
*5 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 8% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 9% жеңілдік

**BI BRONZE+**
*2 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 5% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 6% жеңілдік

**BI SILVER+**
*4 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 7% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 8% жеңілдік

**BI GOLD+**
*6 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 9% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 10% жеңілдік

**BI PLATINUM**
*7 пәтердің және/немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісінің иелері үшін
пәтерлерге 10% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 11% жеңілдік

**BI DIAMOND**
*жылына 700 миллионнан басталатын инвестицияда
пәтерлерге 12% жеңілдік
коммерциялық жылжымайтын мүлікке 13% жеңілдік

BIcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген сауданыздың чектерін жүктеңіз! Толығырақ: loyalty.bi.group



# ҚОСЫМША ОПЦИЯЛАР

## Пайдалануға толық дайын пәтерлерді таза әрлеу

- Ыңғайлы төлем бағдарламалары
- Топтамалық шешімдер
- Жөндеуді бастамай тұрып көру мүмкіндігі
- Сапаны бақылау бөлімі
- Жөндеуден кейінгі жинап-тазалау
- Бригада мен материалдар іздеуге уақыт кетірудің қажеті жоқ
- 12 айға дейінгі кепілдік
- Жөндеуді қашықтан бақылау

Smart Remont

+7 775 007 71 17
сату бөлімінің қоңырау шалу орталығы

+7 775 007 59 59
сервис бөлімінің қоңырау шалу орталығы

smartremont.kz

## Ақылды үй

- Қауіпсіздік
- Жайлылық
- Ресурс үнемдеу

Connected Home
+7 771 072 4373
connectedhome.kz

Элементтерді басқаратын датчиктер мен орындау құрылғыларын қамтитын, интернет арқылы үйді, офисті және ғимараттарды басқарудың біріңғай жүйесі



# Бақытты өмір сүріңіз!

BI GROUP

### Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5Г,
«Лазурный квартал»
ТҮК

Әл-Фараби даңғылы, 3а
Capital Park. Sky ТҮК

Т. Рысқұлов көшесі, 9
Nexpo Trend

### Алматы қ.

«Гранд Алатау» БО
Тимирязев көшесі, 28в

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

### Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қ. Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall СОО

### Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан к-сі, 28

### Қарағанды қ.

Бұқар жырау даңғылы,
51/4-құрылыс
51 бизнес орталығы

Онлайн сату орталығы
360

Кеңес алу

Бұл тұрғын үй кешені бойынша үлескерлердің ақшасын тартуға 21.08.2025 №35 рұқсат алынды. Құрылыс салушы - «Nova City Development» ЖШС. Уәкілетті компания - «Туран Сити» ЖШС. Бұл жарнама, ҚР АК 395-бабына сәйкес, жария оферта болып табылмайды.